

## **Жайық-Каспий бассейнінде балықтың бекіре түрлерін және басқа биологиялық бағалы ресурстарын қорғау шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 сәуір 1993 ж. N 278

Жайық-Каспий бассейніндегі балықтың бекіре түрлері және басқа биологиялық бағалы ресурстары ұлт байлығы болып табылатыны ескеріліп, олардың қорғалуын, ұдайы өсірілуін және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының әкімдері балықтың бекіре түрлерін ұрық шашатын, жайылатын, қыстайтын және көшіп жүретін жерлерде қорғауды қамтамасыз етудің нақты шараларын жыл сайын жүзеге асыратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1993 жылы "Қазбалыққорғауға: нысаналы мақсатпен 20 УАЗ-469Б және УАЗ-452-д автомобилін, РМ-376 жобалы 1 теплоход, "Казанка" тұрпатындағы 36 металл қайық, 32 "Қырым" металл қайығын және 55 қайық моторын бөлсін. Сонымен қатар балық қорғау органдарын түнде көру приборларымен, дүрбілерімен, радио стансаларымен, белгі беретін пистолеттермен, бронді желеттермен, жарылғыш техникалық құралдармен және басқа материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етсін.

3. "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігі тозған автокөлікті жөндеуді ұйымдастыру үшін 1993 жылы нысаналы мақсатпен "Қазбалыққорғау" органдарына УАЗ-469 маркалы автомобильдер мен олардың жаңғыртылған түрлеріне құрастырылған 28 көпір (14 артқы және 14 алдыңғы), 18 беріліс қорабы, 8 құрастырылған қозғалтқыш, бір жинақылы 4 қораб бөлсін.

4. "Қазмұнайөнім" концерні 1993 жылғы III тоқсанда "Қазбалыққорғауға" қосымша А-76 маркалы 100 тонна, АИ-93 маркалы 50 тонна бензин және 3 тонна М-8 майын қосымша бөлетін болсын.

5. "Легинвест" акционерлік инвестиция компаниясы 1993 жылы "Қазбалыққорғаудың" өтінімі бойынша мемлекеттік инспекторларға нысанды киім жасалуын қамтамасыз етсін.

6. 1993 жылы Маңғыстау облысының балық қорғау органдарының мемлекеттік инспекторларына еңбекақыға бөлінген қаржы шегінде 1,6 мөлшерінде аудандық коэффициент қолданылатын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері Ресей Федерациясы Орынбор

облысының әкімшілігімен бірлесіп Жайық өзенін, әсіресе бекіре ұрық шашатын жерлерді осы облыстардың аумағынан тазартылмаған сарқынды суларды ағызуды тоқтату жолымен ластауды болдырмау шараларын пысықтап, жүзеге асырсын.

8. Экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы балықтың бекіре түрлерін ұдайы өсіру, сақтау және санын молайту жөніндегі мемлекеттік кешенді бағдарламаны әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі аталған бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру көздерін анықтасын

9. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Экономика министрлігі, Еңбек министрлігі басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен балық қорғау органдарының қызметін одан әрі жақсарту түсуді жыл сайын қарастырып, шаралар қолдансын, инспекторлар санын көбейту, көлік және оперативті-техникалық құралдармен жасақтау шараларын қосымша қаржыландыруды көздеп отырсын, ал Үкімет шешімін керек қылатын мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлесін.

10. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстан" мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының жүргізіліп жатқан балық қорғау шараларының барысын жазып, көрсету жұмысын жандандыратын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі